



«26» 01 2023г.

№ 4-2-1-7/28

«Ұлттық мемлекеттік
ғылыми-техникалық сараптама
орталығы» президенті
А.К. Кашкинбеков мырзаға

«6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ құрылған диссертациялық кеңес Халел Агнурдың авторға және дереккөзге сілтемесіз алынған материалды пайдалануға «Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы философия докторы PhD диссертациясын қайта тексеру үшін жіберіп отыр.

Диссертацияның мәтінін ашық қолжетімді түрде интернет-ресурсыңызда орналастыруды сұрайды.

Халел Агнурдың пысықталған диссертациялық жұмыс талқылауы 2023 жылдың ақпан айының 17 жұлдызында өтеді.

Диссертациялық кеңес
төрайымы

Т. Кульгильдинова

орынд. Жакьянова А.М.
zhakiyanova.a@ablaikhan.kz
8707-720-11-85



010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8,
тел.: (7172) 74-23-77, control.edu.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік ел, 8,
тел.: (7172) 74-23-77, control.edu.gov.kz

№ _____

Исходящий номер: 17-5/1871-И от 07.12.2022

**Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университеті
А. Халелге**

.....
Алматы қ., Мұратбаев көш., 200

Хабарлама

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 66-бабының 1- тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – Комитет), 2022 жылдың 15 қарашасында № 2482 Комитеттің қарауына келіп түскен сіздің аттестациялық ісіңіз бойынша тыңдау 2022 жылғы 08 желтоқсанда сағат 10:00-де өтетінін және интернет платформасына қосылу сілтемесін (ZOOM, идентификатор 876 1253 0339, пароль UкH5CZ жолдаймыз.

Алдын ала қабылданатын шешімнің жобасы қоса беріледі.

Төраға

Г. Көбенова

Әкімшілік іс бойынша алдын-ала қабылданатын шешімнің жобасы

Философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсынылған диссертацияны пысықтауға жіберу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген Дәрежелерді беру қағидаларының 14-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Агнур Халелге 6D011900 - Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясы пысықтауға жіберілсін.

2. Ғылыми кадрларды аттестаттау басқармасы 5 жұмыс күн ішінде Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне қабылданған шешім туралы хабар жіберсін.

3. Осы бұйрықтың орындалу бақылауы өзіме жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: 2022 жылғы 02 желтоқсандағы Білім беру, психология және когнитивтік ғылымдар бойынша сараптау кеңесінің қорытындысы.

Төраға

Г. Көбенова



Издатель ЭЦП - Удостоверяющий центр Государственных органов, Республика Казахстан, KZ, INN780512402949, ИСБАСАРОВНА

Білім беру, психология және когнитивтік ғылымдар бойынша
Сараптау кеңесінің қорытындысы

2022 ж. «2» желтоқсан

№11 хаттама

Тыңдалды:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне қарасты «8D017 – Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау», «8D01721 – Шет тілі педагогтерін даярлау» (6D011900 Шетел тілі: екі шетел тілі) мамандығы) бағыты бойынша доктор (PhD) дәрежесін алу үшін диссертация қорғау бойынша Диссертациялық кеңестің 2022 жылғы 21 қазандағы отырысында «6D011900 Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша «Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертацияны қорғау негізінде **Халел Агнурға** философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы Диссертациялық кеңестің шешімі бойынша (№3 хаттама) және Диссертациялық кеңес төрағасының 2022 жылдың 9 қарашасындағы №20 қолдаухаты бойынша № PhD-2482 – 15.11.2022 іс тыңдалды.

Сарапшы ##### тыңдап Сараптау кеңесі мынаны белгілейді:

1. Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасында іске асырылатын ғылыми дамудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі. Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасында іске асырылатын ғылыми дамудың басым бағыттарына сәйкес келеді және болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми негіздері мен әдістемелік жүйесін зерттеуге арналады.

2. Диссертацияны өзі жазу қағидатының сақталуы. Диссертацияны жазуда ізденуші өзі жазу қағидатын сақтаған. Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми-теориялық бастау көздерін талдап, барлығын бір жүйеге түсіруде ізденуші Халел Агнурдың өз бетімен ізденуінің нәтижесінде және ғылыми жетекшілерінің кеңес беруіне сүйене отырып, жүйелі, логикалық бірізділікке түсірілген ғылыми-әдіснамалық арнаны қалыптастыра алған. Зерттеу барысында жүргізілген талдау нәтижесінде жүйелеген теориялық негіздеріне сүйене отырып, оған қоса эмпирикалық зерттеу материалдарын пайдалана отырып, болашақ дипломаттарға шет тілін оқытуда коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың заманауи жолын мәдениетаралық ерекшеліктерді тірек ету арқылы анықтау міндетін шеше алған. Дегенмен, диссертацияның мазмұны мен құрылымында бірқатар кемшілік тұстар байқалды. Соның ішінде диссертацияның кіріспесінде ғылыми аппарат әлі де толықтырып, жүйелеуді керек етеді. Атап айтатын болсақ, **зерттеудің өзектілігін** айқын таныта түсу керек. Болашақ дипломаттарды дайындауда олардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру мәселесінің мемлекеттік заңдар мен мемлекеттік стандарттардан, нормативтік-әдістемелік құжаттардан бастау алатынын, осылайша мемлекеттің тапсырысын орындауға аталған зерттеу жұмысының да өзіндік үлес қосуға арналғанын көрсету керек еді.

Сонымен бірге, зерттеудің мақсаты мен міндеттерінде көрсетілген сөйлемдер түсініксіз, өзге тілден аударылғандай әсер қалдырады. Сөйлемдерде «шеттілдік» және «шетелдік» деген сөздер араласып қолданылғандықтан, зерттеудің мақсатында «болашақ дипломаттардың шетелдік мәдениетаралық-коммуникативті дискурсын қалыптастырудың теориялық және әдістемелік моделін дайындау» деп көрсетілген. Ал зерттеудің міндеттерінде «болашақ дипломаттардың шетелдік мәдениетаралық коммуникативті дискурсының мәні мен мағынасын анықтау» деген міндет көрсетілген, бұл диссертацияның тақырыбы бойынша «болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативті дискурсын» қалыптастыру болуы керек еді. Бұл жерде диссертанттың орфографиялық қателігі деуге де болар еді, егер, осы екі сөз зерттеу міндеттерінің басқа да тармақтарында тұрмағанда. Диссертанттың зерттеудің мақсаты мен міндеттерін көрсетуде осындай қате жіберуі тек орфографиялық қате болып саналуы екіталай.

Сонымен бірге диссертациядағы «*мәдениетаралық*» және «*мәдениаралық*» деген сөздердің жарыса қолданылу орындары жиі кездеседі. Бұны да бірізділікке түсіру керек еді.

Диссертацияның 1.1. тармағында «Дипломат мамандардың қызметіндегі шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсына қойылатын кәсіби талаптары» қарастырылған. Диссертант А. Халел дипломат, дипломатия туралы көптеген ақпараттарды, мәліметтерді ешбір сілтемесіз баяндаған. Сөйлемдерде стильдік қателер өте көп кездеседі. Атап айтсақ, тармақшаның ең алғашқы «*Мәдениет саласындағы халықаралық қатынас саясат пен экономика саласындағы ежелгі тарихқа ие*» деген сөйлемінің өзінен диссертанттың қазақша сөйлем құрудағы қателіктері көзге ұрып тұрады. Біз бұны диссертант өзге тілден қате аударған болар деп жеңілдете қарап отырмыз, бірақ ізденуші А. Халелдің көптеген мәселелерді қозғай отырып, оларға сілтеме бермеуі ойлантады. Сонымен бірге осы көрсетілген алғашқы сөйлемнің өзінен «мәдениет саласындағы», «саясат пен экономика саласындағы» деген ұғымдарды орынсыз қолдануын айқын байқауға болады.

Диссертанттың «*шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурстық сұхбатты қараңғы бөлмеде қара тышқанды ұстап алумен бірдей*» дей отырып, бірден ресми сұхбатты әдістемелік тұрғыдан сипаттауға көшіп кетуі де түсініксіз.

«Дипломаттардың «мәдениетаралық коммуникативтік дискурс» ұғымының мәні және оның мағынасы» деп аталатын 1.2. тармақтың атауында да, біздіңше, қате жіберілген. Біріншіден, «дискурсы» болуы керек, яғни «дипломаттардың + дискурсы». Екіншіден, тырнақша дипломаттардың деген сөздің алдынан қойылуы керек еді. Осы тармақшаның басындағы «*Елімізде қазіргі уақытта дипломаттар, журналисттер, заңгерлер ғана емес, олармен бірге қызметіне қарай шетелдік сапарлармен және шетелдік серіктестерді қабылдаумен байланысты қызметкерлер де кіреді*» деген сөйлемді қарайтын болсақ, бір ғана «журналистер» деген сөзді жазудың өзінен бірнеше қате жіберуі де диссертанттың зейінді болуын керек етеді. Ал, ең бастысы, сөйлемнің тұтас мағынасының түсініксіз екеніне назар аударамыз.

Одан соң 3-4 сөйлем жазылып, диссертант бірден «*Осылайша түсіндірілетін дискурстың табиғи болмысы тұжырымдамасының призмасы арқылы оның танымдық, прагматикалық, әлеуметтік-мәдени және тілдік қасиеттері ерекше*

перспективада айқындалады» деп жазғаны да ойлантады. 3-4 сөйлемнен соң қалайша түсінідірілуі белгілі бола қалуы мүмкін?

Ізденуші пікірлерді өз еркінше қолданады және *«бірқатар зерттеушілер ... деп тұжырым жасайды»* деп айтады, бірақ ешқандай сілтеме жасамайды, бұл – үлкен қате. Диссертант ұсынған «субкомпетенциялар бірлігі» моделіндегі компоненттердің табиғатын сипаттауда ешбір сілтеме жасалмауы да ойлантады.

Жалпы диссертация мәтінінде стильдік қате өте жиі ұшырасады. Тыныс белгілерін қолдануда көптеген қателіктерге орын берілген. Тіпті мүлде орынсыз қолданылған тыныс белгілері диссертация мәтінінде қаптап жүр. Бұл басқа тілде жазылған сөйлемді қазақшаға аударуда жіберілетін қателерге ұқсайды.

3. Диссертацияда ішкі бірлік қағидатының сақталуы. Халел Агнурдың диссертациялық жұмысының мәтіні құрылған жоспарға сәйкес жазылған, ішкі бірлік қағидаты сақталған. Жоспарда көрсетілген компоненттерінің өзара байланыстары сақталған. Диссертант теориялық негіздемелерін жүйелеген соң, лингводидактикалық тұжырымдама ұсынады, болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру моделін ұсынады, солардың негізінде педагогикалық эксперимент барысын сипаттайды, белгілі бір нәтижелерге қол жеткізеді.

Дегенмен, диссертацияда әлі де түзетуді керек ететін бірқатар тұстары бар. Атап айтқанда, 1.1 дипломаттарға қойылатын кәсіби талаптар ішінде шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурстың қажеттілігін дәлелдеуден гөрі, жалпы кәсіби талаптар санамаланып берілген. Соның негізінде негізгі мақсаттан ауытқып, бірден ресми сұхбатты сипаттауға көшіп кеткені мазмұнның тұтастығына нұқсан келтіреді, сөйтіп, ішкі бірлік қағидатында олқылық байқалады. Көп ретте диссертант публицистикалық баяндау желісін қолданады, сөйтіп ғылыми ой қалыптасу логикасын сақтай алмайды. Осындай қателіктер шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың лингводидактикалық ерекшеліктері қарастырылған 1.3 тармақта да сақталған. Диссертант анықтамаларды үйіп-төгіп береді, бірақ оларға ешбір сілтеме жасалмайды (Лингводидактика туралы: *«Лингводидактика – тілдерге үйрету теориясы, лингвистика мен дидактиканың бірігуі; Лингводидактика – лингвистика мен әдістеменің бірігуі салдарынан пайда болған тілдерді оқыту әдістемесінің теориялық бөлігі; Лингводидактика пәні – тілді оқытудың (оқыту барысы), оқу (болашақ мамандардың әрекеті), оқу материалының мазмұны және дербестендірілген білімді игеру технологияларының өзара әрекеттесу заңдылықтарының теориялық негіздемесі; Лингводидактика – өзінің бастауымен көтеріліп келе жатқан жас ғылыми пән; Лингводидактика – лингвистикалық және дидактикалық білімнің синтетикалық саласының тиімді модел болады»*).

Сонымен қатар «интегративтік технология» туралы айтылып отырған жерде «интерактивтік технология» деп қолданыла береді. Ал олардың дербес табиғаты бар оқыту технологиялары екені белгілі.

Диссертация мәтінінде толып жүрген стильдік, орфографиялық және пунктуациялық қателер, жөнсіз қолданған тыныс белгілері мәтіннің ішкі мазмұн бірлігін түсінуге кедергі келтіреді. Мысалы: *«Тұлғалық-бағдарлы Ғалымдардың бірі шеттілін оқыту бойынша С.Якиманская[87], Ә.М.Мұханбетжанова [87] және т.б.) теориясын зерделей отырып, олардың ішінде И.С.Якиманская ұсынған субъектілі-тұлғалық білім беру моделін тереңірек қарастыруды жөн көрдік»*.

Себебі И.С.Якиманскаяның идеялары біздің пікірімізге жақын болып келеді», - деген жолдардың мағынасын түсіну өте қиын.

Диссертанттың рецептивтік және репродуктивтік деңгейлермен (52-бет) шектелуі байқалады. Ал, шын мәнінде, мәдениетаралық коммуникативтік дискурстың қалыптасуында шығармашылық деңгей, креативтік деңгей үлкен рөл атқаратыны белгілі. Бірақ бұл деңгейлер, диссертацияда айтылмаған.

Педагогикалық экспериментті ұйымдастыру және өткізу процесін сипаттау логикасы шашыранды. Қол жеткен нәтижелерді талдау, негізінен, сауалнамаға, тест-фреймдерге сүйеніп берілген. Біздің ойымызша, эксперименттің анықтаушы кезеңінде авторлық кесінді жаттығуларды орындату көрсеткіштерді жақсы айқындай алар еді. Оқыту кезеңін сипаттауда да ұсынылатын жаттығулар жүйесі бірізділікпен сипатталғаны дұрыс. Диссертант нәтижелерді талдауда бірнеше әдістемелерді қолданған, бірақ ол әдістемелердің түрлі немесе біркелкі нәтижені көрсете алу ерекшеліктеріне салыстырмалы туралы айтылмаған. Нәтижелерді талдауда бір әдістемені жан-жақты мүмкіншілігін пайдалану дұрыс деп ойлаймыз.

4. Диссертацияда ғылыми жаңашылдық қағидатының сақталуы, негізгі ғылыми нәтижелері. А. Халелдің диссертациясында ғылыми жаңашылдық қағидаты сақталған, оның көріністері ізденушінің келесі жұмыстарында танылады:

- болашақ дипломат мамандардың қызметіндегі шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсына қойылатын кәсіби талаптарды жүйелеуінен;
- болашақ дипломаттардың «мәдениетаралық коммуникативтік дискурс» ұғымының мәнін ашып талдауынан;
- болашақ дипломаттардың шеттілдік дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың лингводидактикалық ерекшеліктерін жүйелеуінен;
- тұжырымдамаға сүйеніп, болашақ дипломат мамандарының мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың моделін ұсынуынан;
- болашақ дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру технологиясын анықтаудан танылады.

Дегенмен осы жаңа ғылыми нәтижелерін жүйелеуде ой шашыраңқылығы байқалады, түзілген модель мен оның жүзеге асырылу тетігі ретінде таңдалған интегративтік технологияның болмысы әлі де нақты түрде жинақыланып берілуі керек деп санаймыз. Интегративтік технология, интерактивтік технология деп алмастырып қолданылған жерлерді байыппен зерделеп, нақтылау керек. Пайдаланылған әдебиеттер тізімін толтыру мүлде сын көтермейді, оны да норматив бойынша жөндеу керек.

5. Диссертацияда дәйектілік принципінің сақталуы. А. Халелдің қарастырылып отырған диссертациясында дәйектілік принципінің сақталуы тақырып бойынша ғылыми және педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді мол қолдануынан, ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін кешенді түрде қолдануынан, зерттеу жұмысының сабақтастықпен, кезеңділікпен жүргізілуінен, теориялық негіздерге сүйенген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс негізінде форма мен мазмұнның бірлігі логикасын ұстануынан танылады.

6. Диссертацияда практикалық құндылық принципінің сақталуы. А. Халелдің диссертациясында практикалық құндылық принципі сақталынған. Диссертацияның

практикалық немесе теориялық мәні бар (керектісін сызу қажет). Диссертация нәтижелері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқу үдерісіне енгізілген (86 бет).

7. Диссертацияда академиялық адалдық қағидатының сақталуы, диссертацияда авторы мен дереккөзі көрсетілмеген бөтен материалдың (плагиат) болуы: Плагиат жоқ.

8. Жарияланымдар толықтығының сәйкестігі:

диссертация тақырыбы бойынша:

барлығы ғылыми еңбек – **14**;

оның ішінде:

басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда – **7**;

Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) (Web of Science Core Collection, Clarivate Analytics (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн, Кларивэйт Аналитикс)) ақпараттық компаниясының деректер базасында нөлдік емес импакт-факторға ие немесе индекстелетін халықаралық рецензияланатын журналдарда _ ;

Scopus (Скопус) деректер базасына кіретін – **4**,

1) *Development of foreign language professionally discursive competence of future diplomats. - International Journal of Society, Culture and Language, 2021, 9(2),ISSN 23292210, t}p. PP.74-84.*

2) *Translation strategies of menacing speech act in political discourse from english into Russian. - Opсібн, Aflo 34, No.86 (2018) ISSN 1012-1587 IISSNe: 2477 - 9385, 6 p. PP.336- 342 (Скопуста 2020 жылы тоқтатылған).*

3) *Diplomatic discourse in cross-cultural dimension. - Opсібн, Affo 36, Especial No.26 (2020) ISSN 1012-15 S7/ISSNe : 247 7 - 9385, 15 p. (PP. 407-422).* (Скопуста 2020 жылы тоқтатылған).

4) *Digital educational content in foreign language education. - Opсібн, Aflo 36, Especial No.27(2020) ISSN 1 012-1 587/ISSNe: 2477 - 9385. 17 p. (PP.s 24 – s 4r)* (Скопуста 2020 жылы тоқтатылған).

басқа **3** жарияланым жарияланған.

Жарияланымдар Қағидалардың 6-тармағына сәйкес келеді.

9. Аттестациялық іс материалдарының Қағидалар талаптарына сәйкестігі. Ізденуші А. Халелдің аттестациялық іс материалдары Қағидалар талаптарына сәйкес келеді. Рецензенттер мен ғылыми кеңесшілердің бір-біріне тәуелсіз болу қағидатының сақталуы. Ізденуші А. Халелдің диссертациялық жұмысының рецензенттері мен ғылыми кеңесшілерінің бір-біріне тәуелсіз болу қағидаты сақталған.

Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеге сәйкес қорғау рәсімінің сақталуы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне қарасты «8D017 – Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау», «8D01721 – Шет тілі педагогтерін даярлау» (6D011900 Шетел тілі: екі шетел тілі) мамандығы) бағыты бойынша доктор (PhD) дәрежесін алу үшін диссертация қорғау бойынша Диссертациялық кеңестің 2022 жылғы 21 қазандағы отырысында «6D011900 Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша Халел Агнурдің «Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын

калыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациясын үлгі ережеге сәйкес қорғау рәсімі сақталынған.

10. Диссертациялық кеңеске ескертулер. Диссертациялық кеңес төрағасына, ғылыми жетекшісіне, рецензенттерге Агнур Халелдің диссертациялық жұмысындағы кіріспенің, теориялық бөлімінің, эксперименттік бөлімнің құрылымдық-мазмұндық жүйесінің мазмұндық-құрылымдық кейбір ауытқуларына байланысты және диссертация мәтініндегі көптеген орфографиялық, стилистикалық, грамматикалық қателер жіберілгеніне байланысты, болашақта осындай қателікті болдырмауы үшін жіті қадағалуы сұралады.

11. Сараптау кеңесінің шешімі (тармақшалардың біреуі толтырылады): 3) Халел Агнур «Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациясы бойынша келесі көрсетілген ескертулерді жөндеуі керек:

- диссертацияның кіріспесінде ғылыми аппаратты жүйелеп, ойын жинақы және айқын да нақты түрде жазып, орфографиялық, пунктуациялық, грамматикалық, стилистикалық қателерді жойып, жан-жақты жөндеуі керек;

- зерттеу жұмысының өзектілігін нақтылауы керек; зерттеудің пәні, мақсаты мен міндеттеріндегі терминдер мен ұғымдарды бірыңғайлықпен, бірізділікпен, өзара логикалық сабақтастықпен қолданылуын қадағалап, жөндеу керек (*шетелдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурс немесе шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурс; мәдениетаралық немесе мәдениаралық; құзыреттілік немесе компетенция*);

- болашақ дипломаттарды дайындауға байланысты тапсырыс беретін мемлекеттің Конституциясын, Білім туралы Заңын, мемлекеттік білім стандарттарының, нормативтік-әдістемелік құжаттардың кіріспеде мүлде болмауы қате, оларды кіріспеде көрсету керек;

- дипломат мамандардың қызметіндегі шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсына қойылатын кәсіби талаптарды барынша қазақстандық материалдар негізінде, содан соң ғана шетелдік еңбектер негізінде жүйелеп, жөндеу керек, сілтемелер орнымен, ретімен қойылып отырылуы керек;

- публицистикалық сарынмен жазылған абзацтарды жөндеп, ғылыми стильге түсіру керек (1.1 тармақ; 1.2 тармақ);

- қазақ тіл білімінде дискурстың табиғатын зерттеген ғалымдардың, жас ғалымдардың еңбектерін көптеп қосу керек;

- диссертация мәтінін оқуда басқа тілден аударылғандай әсер қалдырады, сөйлемдердің құрылымдары өте өрескел стильдік қателерге толы, сондықтан сөйлемдерді оқуға, түсінуге қолайлы және ғылыми стиль талаптарына сәйкес етіп, мәтінді қайтадан редакциялау керек;

- «жалпы азаматтық» деген қолданыс қайдан алынғаны түсініксіз, мүмкін «жалпыадамзаттық» болар, осындай жеңіл-желпі қарау салдарынан түрлі кейіпке түске ой бұлыңғырлығы диссертацияда басым болғандықтан, ғылыми және практикалық жаңалықтардың көркі көп ретте толық ашылмай жатыр, солардың барлығын қазақы ғылыми тілмен, қазақша ғылыми стильмен жөндеу керек;

- авторлық бағдарламаның ерекшелігін модельден кейін көрсетіп, модельді жүзеге асырушы негізгі тетік екеніне баса назар аударып сипаттау керек;

- 38-бетте көрсетілген «Лингводидактикалық шарттардың» барлығы бірдей дәрежеде, бірдей деңгейде іске асырыла ма, болмаса олар бірінен екіншісі туындайтын жүйе, кіші жүйелер ме, сол жері анық емес;

- С. Құнанбаеваның тұжырымдамасы басшылыққа алынды деп жазылғанымен, шын мәнінде, ол тұжырымдаманың қазіргі заманауи дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудағы маңызы мен ұсынатын тәсілдемесінің логикасы диссертацияда ашылмаған, осы мәселені де жөндеу керек: не толықтыру керек, не алып тастау керек;

- педагогикалық эксперименттің сипатталуына терең назар аударып, жүйелі қалыпқа түсіріп сипаттау керек; шашыранды материалдар, көбіне сауалнамалардың мазмұны берілген, арнайы жаттығулар мен тапсырмалардың кесінділері және орындалу барысы, нәтижелері көрсетілгені дұрыс; сол арқылы ғана шынайы педагогикалық эксперименттің өткізілгені және белгілі бір нәтижеге қол жеткізгені танылады;

- педагогикалық эксперимент нәтижелерін талдауда бірнеше әдістемелерді қолданған, бірақ ол әдістемелердің оңтайлылығы (оптимальность) салыстырмалы түрде көрсетілмеген, сондықтан нәтижелерді талдауда бір әдістеменің жан-жақты мүмкіншілігін пайдалану дұрыс болуы мүмкін екенін ойлануыңызды ұсынамыз;

- «Пайдаланылған әдебиеттер тізімін» толтыру мүлде дерлік сын көтермейді, орфографиялық қателер өте көп, барлығын талапқа сай жөндеу керек: қала, баспа атауы, жылы, бет саны т.б.; неліктен М. Жанпейісованың кітабы бірнеше рет көрсетілген (35; 102);

- «Педагогикалық технологияны» түсіндіруде химиялық «Технология серной кислоты» деген Д.М. Новиктің дәрістер жинағы көрсетілуі (104 әдебиет) мүлде түсініксіз және үлкен қате, жөндеу керек;

- «Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде» дипломаттарға тіл үйретуге байланысты әдістемелік, лингводидактикалық еңбектер жоқ деуге болады, бұл мәселе зерттеушінің қандай әдебиеттерді талдағанына қатысты сұрақтар туындатуы мүмкін, сондықтан жалаң «дискурсты» немесе «педагогикалық технологияны» емес, нақты болашақ дипломат мамандық иелеріне тілді үйретудің теориясы мен тәжірибелері берілген еңбектер көрсетілсін.

Осы көрсетілген ескертулерді жөндеу үшін Халел Агнур «Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы **диссертациясы пысықтауға жіберілсін.**

Дауыс беру нәтижелері: «жақтап» дауыс бергені - 5

«қарсы» - жоқ

«қалыс қалғаны» - жоқ